

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2021 жылғы 6 қыркүйек

2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстанның микроқаржыландыру нарығының жай-күйі туралы

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) жүргізген талдау негізінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – МҚҚЖҰ) жиынтық активтері жыл басынан 15,4%-ға, 2-тоқсанда 8,9%-ға ұлғайып, **1, 4 трлн теңгені** құрады.

01.08.2021ж. жағдай бойынша МҚҚЖҰ активтері банк секторының жиынтық активтерінің **4,1%**-ын құрайды.

Активтердің неғұрлым көп үлесі микроқаржы ұйымдарына – **645 млрд теңге** немесе **45,6%**, кредиттік серіктестіктерге – **575 млрд теңге** немесе **40,6%**, ломбардтарға -**196 млрд теңге** немесе **13,8%** тиесілі.

Микроқаржы секторының жиынтық активтеріндегі ең жоғары үлес салмағы тұрғысынан берілген микрокредиттер иеленеді (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) – **85,9%**, **1, 2 трлн теңге** сома, 2021 жылдың басынан **19,2%**-ға ұлғаю болды. Бұл ретте, ломбардтар мен онлайн-кредиторлардың активтерінде құнсыздануға арналған резервтерді шегергендегі несие портфелі тиісінше **70,1%** және **76,1%** - ды құрайды.

МҚҚЖҰ жиынтық міндеттемелері 2021 жылғы 2-тоқсанда 8,9%-ға, жыл басынан 16,3%-ға ұлғайып, **888 млрд теңгені** құрады. Жиынтық міндеттемелердің негізгі үлесін алынған қарыздар құрайды – **83,9%** немесе **745 млрд теңге**. Есепті күнге МҚҰ-ның жиынтық міндеттемелері **438 млрд теңгені** құрады немесе бүкіл сектордың **49%**-ы, ал кредиттік серіктестіктер мен ломбардтардың жиынтық міндеттемелері тиісінше **365 млрд теңгені** және **85 млрд теңгені** құрады.

Микроқаржы секторының жиынтық меншікті капиталы **527 млрд теңгені** құрады және негізінен жарғылық капитал мен бөлінбеген пайдадан қалыптасты. 2021 жылғы 2-тоқсанда МҚҚЖҰ меншікті капиталының 8,9%-ға немесе **43,1 млрд теңгеге**, жыл басынан **14,1%**-

ға ұлғаюы байқалды.

МҚҚЖҰ жиынтық несие портфелі тоқсан ішінде **118,1 млрд теңгеге** немесе **10,7%**-ға, жыл басынан **18,5%**-ға ұлғайып, **1,2 трлн теңгені** құрады. Айтарлықтай ұлғаю сектордың барлық сегменттерінде жеке тұлғаларға берілген қарыздардың өсуімен байланысты. Бұл ретте жеке тұлғалар МҚҚЖҰ негізгі клиенттік базасы болып табылады. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер көлемі **842 млрд теңгені** немесе барлық несие портфелінің **68,4%**-ын құраса, заңды тұлғаларға - 380 млрд теңгені немесе 31,6%-ды құрады.

2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін Агенттікке **1059** өтініш келіп түсті. Оның ішінде **996** өтініш бұрын Агенттікте есептік тіркеуден өткен ұйымдардан, **63** өтініш – жаңа ұйымдардан түскен.

Өтініштерді қарау қорытындысы бойынша **1039** лицензия берілді, оның ішінде **222** МҚҰ, **602** ломбард, **215** кредиттік серіктестік. 5 өтініш қаралу сатысында.

Неғұрлым толық ақпаратты Агенттіктің <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/207220?lang=ru> сайтынан алуға болады.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша call-орталыққа төмендегі нөмір бойынша хабарласыңыз:

+7 (727) 237 1000

Жұмыс кестесі дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін

**Баспасөз қызметі
+7 (727) 237 1090, press@finreg.kz**